

"Алматы қаласының қала маңы аймағы мен қала құрылысын ерекше реттеу аймағының аумақтарындағы құрылыстың барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияны тарату туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1450 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Алматы қаласының қала маңы аймағы мен қала құрылысын ерекше реттеу аймағының аумақтарындағы құрылыстың барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияны тарату туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Алматы қаласының қала маңы аймағы мен қала құрылысын ерекше реттеу аймағының аумақтарындағы құрылыстың барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияны тарату туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Алматы қаласының қала маңы аймағы мен қала құрылысын ерекше реттеу аймағының аумақтарындағы құрылыстың барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссия таратылсын.

2. «Алматы қаласының қала маңы аймағы мен қала құрылысын ерекше реттеу аймағының аумақтарындағы құрылыстың барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 маусымдағы № 355 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 22, 96-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев